



"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 14 наурыздағы № 243 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау 2008 жылғы 22 желтоқсанда Абу-Дабиде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция және оған Хаттама ратификациялансын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНІҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТАБЫСҚА САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ

БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУДАН ЖАЛТАРУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция жасасу арқылы экономикалық қатынастарды нығайтуға және дамытуға ұмтылысты басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап КОНВЕНЦИЯ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР

Осы Конвенция Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап КОНВЕНЦИЯ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚТАР

1. Осы Конвенция Уағдаласуши Мемлекеттің немесе оның саяси немесе әкімшілік бөлімшелерінің немесе жергілікті билік немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атынан өндіріп алынатын табысқа салынатын салықтарға оларды өндіріп алу әдісіне қарамастан қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан өндіріп алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін еңбекақының немесе сыйақының жалпы сомасына салынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жекелеген элементтерінен алынатын салықтардың барлық түрі табысқа салынатын салықтар деп есептеледі.

3. Осы Конвенция қолданылатын, қазіргі бар салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

(a) Қазақстан Республикасы жағдайында:

(i) корпоративтік табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы

(бұдан әрі «Қазақстан салығы» деп аталады);

(b) Біріккен Араб Әмірліктері жағдайында:

(i) табыс салығы; және

(ii) корпоративтік салық

(бұдан әрі «БАӘ салықтары» деп аталады).

4. Осы Конвенция Уағдаласуши Мемлекеттердің кез келгені осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін 3-тармақта аталған, қазіргі бар салықтарға қосымша немесе олардың орнына өндіріп алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға да қолданылады. Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары

өздерінің салық салуға қатысты заңнамаларында болатын кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етіп отырады.

3-бап ЖАЛПЫ АНЫҚТАМАЛАР

1. Егер тұpmётіннен өзгеше туындамаса, осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

(a) «Уағдаласуши Мемлекет» және «екінші Уағдаласуши Мемлекет» терминдері тұpmётінге байланысты Қазақстан Республикасын немесе Біріккен Араб Әміrlіктерін білдіреді;

(b) «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасын білдіреді. «Қазақстан» термині географиялық мағынада пайдаланылған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық заңнамасына және өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес егемен құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарды қамтиды;

(c) «Біріккен Араб Әміrlіктері» термині Біріккен Араб Әміrlіктерін білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде аумағы олардың егемендігінің аясына кіретін кеңістікті, сондай-ақ табиғи ресурстарды өндірумен немесе пайдаланумен байланысты жүзеге асырылатын кез келген қызметке қатысты Біріккен Араб Әміrlіктері өз юрисдикциясына сәйкес құрлық пен аралдарды қоса алғанда, халықаралық құқыққа және Біріккен Араб Әміrlіктерінің ұлттық заңнамасына сәйкес өз қызметін, егемен құқықтарын жүзеге асыратын аумақтық суларды, әуе және су асты кеңістігін білдіреді;

(d) «тұлға» термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

(e) «компания» термині кез келген корпоративтік құрылымды немесе салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қарастырылатын кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

(f) «Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны» және «екінші Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны» терминдері тиісінше Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

(g) «ұлттық тұлға» термині:

Уағдаласуши Мемлекеттердің кез келгенінің жағдайында Уағдаласуши Мемлекеттің азаматтығына ие кез келген жеке тұлғаны және барлық занды тұлғаларды, серікtestіктерді, қауымдастықтарды немесе ұлттық заңнаманың негізінде өз мәртебесін алған кез келген басқа да экономикалық бірлікті білдіреді;

(h) «халықаралық тасымал» термині теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласуши Мемлекеттің пункттері арасындаған пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен

жасалатын кез келген тасымалдауды білдіреді;

(i) «құзыретті орган» termini:

- (i) Қазақстан жағдайында – Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін; және
(ii) БАӘ жағдайында – Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді.

2. Осы Конвенцияны Уағдаласуши Мемлекеттердің кез келгені қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин осы Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша осы кезде қандай мағынасы болса, сондай мағынаға ие болады.

4-бап РЕЗИДЕНТ

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті»
термині:

(a) Қазақстан Республикасы жағдайында:

«Қазақстан Республикасының резиденті» термині Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, құрылған орны немесе осыған ұқсас кез келген өзге де критерий негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді. Термин Қазақстан Республикасын және кез келген саяси бөлімшені немесе жергілікті билік органдарын да қамтиды.

Алайда, бұл термин Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын табысқа қатысты ғана Қазақстан Республикасында салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтыймайды.

(b) Біріккен Араб Әмірліктері жағдайында:

(i) БАӘ ұлттық тұлғасын, БАӘ ұлттық заңнамасы бойынша резидент деп қарастырылатын кез келген жеке тұлғаны немесе БАӘ-де әрекет ететін немесе құрылған кез келген компанияны және кез келген басқа занды тұлғаны;

(ii) Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметін немесе кез келген саяси бөлімшені немесе жергілікті өзін-өзі басқаруды;

(iii) жария құқыққа сәйкес құрылған Орталық Банк, қорлар, корпорациялар, билік органдары, мекемелер, серікtestіктер, агенттіктер сияқты кез келген үкіметтік институттарды немесе Біріккен Араб Әмірліктерінде құрылған кез келген осыған ұқсас құралымдарды білдіреді.

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі былайша айқындалады:

(a) ол өз иелігіндегі тұрақты тұрғын жайы бар Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінде де өз иелігіндегі тұрақты тұрғын жайы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (әмірлік мұдделер орталығы) бар Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып

е с е п т е л е д і ;

(b) егер оның өмірлік мұдделер орталығы бар Уағдаласуши Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе егер оның Уағдаласуши Мемлекеттердің ешқайсысында өз иелігінде тұрақты тұрғын жайы болмаса, ол әдетте, өзі тұрып жатқан Уағдаласуши Мемлекеттің р е з и д е н т і болып е с е п т е л е д і ;

(c) егер ол әдетте Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол азаматы болып табылатын Уағдаласуши Мемлекеттің р е з и д е н т і болып е с е п т е л е д і ;

(d) егер оның мәртебесін осы баптың 2-тармағының (a)-дан (c)-ға дейінгі тармақшаларының ережелеріне сәйкес айқындау мүмкін болмаса, онда Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары бұл мәселені өзара келісім бойынша шешеді.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласуши Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып есептеледі.

5-бап ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «тұрақты мекеме» термині кәсіпорынның б і л д і р е д і .

2. «Тұрақты мекеме» термині, атап айтқанда:

- (a) басқару орнын;
- (b) бөлімшени;
- (c) кеңсені;
- (d) фабриканы;
- (e) шеберхананы;

(f) шахтаны, мұнай немесе газ ұнғымасын, карьерді немесе табиғи ресурстарды өндіретін немесе барлайтын кез келген басқа да жерді немесе осыған байланысты қадағалау қызметтерін қамтиды.

3. «Тұрақты мекеме» термині, сондай-ақ:

а) құрылыс алаңын, құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектісін немесе егер мұндай алаң немесе объект 9 айдан астам уақытқа жалғасса, осы жұмыстардың орындалуын байқаумен байланысты көрсетілетін қызметтерді;

б) егер осындай сипаттағы қызмет осыған ұқсас жоба немесе онымен байланысты жоба үшін кез келген он екі айлық кезеңде 6 айдан аспайтын кезеңде немесе кезеңдерде жалғасса ғана консультациялық қызмет көрсетуді қоса алғанда, Уағдаласуши Мемлекет кәсіпорнының қызметшілер немесе басқа да персонал арқылы екінші Уағдаласуши Мемлекетте көрсетілетін қызметтерді қамтиды.

4. Осы баптың 1-3-тармақтарының ережелеріне қарамастан, «тұрақты мекеме»

т е р м и н і :

(а) құрылыштарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

(б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

(с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын басқа кәсіпорынның өндөуі мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

(д) тұрақты қызмет орнын тауарларды немесе бұйымдарды сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана күтіп-ұстауды;

(е) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе қосалқы сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана күтіп-ұстауды;

(f) осындай амал нәтижесінде туындастырылған тұрақты қызмет орнының жиынтық қызметі дайындық немесе қосалқы сипатта болған жағдайды қоса алғанда, тұрақты қызмет орнын осы баптың 4-тармағының (а)-дан (е)-ге дейінгі тармақшаларында тізбеленген қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ғана күтіп-ұстауды қамтушы ретінде қарастырмайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер оған осы баптың 6-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекетте екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны атынан әрекет етсе,

егер:

(а) мұндай тұлғаның осындай кәсіпорын үшін немесе оның атынан келіссөздер жүргізу мен келісімшарттар жасасуға негізгі өкілеттігі болса және ол оны бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте ұдайы жүзеге асырса, немесе

(б) мұндай тұлғаның осы баптың 4-тармағында аталған қызмет түрлерімен шектелген және ол тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылғанымен де тұрақты қызмет орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырымайтын қызметін қоспағанда, мұндай тұлға осы (бірінші аталған) Уағдаласушы Мемлекетте осы кәсіпорын үшін немесе оның атынан тауарларды немесе бұйымдарды өзі ұдайы сататын кәсіпорынға тиесілі тауарлардың немесе бұйымдардың қорын күтіп ұстаса, ол бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

6. Кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін осы Уағдаласушы Мемлекетте брокер, комиссиянер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шенберінде әрекет жасаған жағдайда Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар ретінде қаралмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны екінші Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын (не тұрақты мекеме арқылы не басқадай жолмен) компанияның бақылауы немесе оның бақылауында болуы фактісінің өзі осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырымайды.

6-бап ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛКТЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласуши Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласуши Мемлекеттегі жылжымайтын мүлкten алған табысына (ауыл немесе орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мұмкін.

Алайда, бұл ретте егер жылжымайтын мүлкten алынатын табыстың нақты иесі Мемлекеттің өзі немесе Уағдаласуши Мемлекетке тиесілі жергілікті билік органдары, саяси бөлімшелер, жергілікті өзін-өзі басқару органы немесе жергілікті қаржы институттары болып табылса, осылай алынатын салық 50 %-ға азайтылуға тиіс.

2. «Жылжымайтын мүлік» термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша қандай мағынасы болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатыстырылығы бойынша қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылықтарында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық ресурстарды, көздерді және басқа да табиғи ресурстарды игеруге немесе игеру құқығына берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қаралмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа

қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа да және тәуелсіз жеке қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүлкten алынатын табысқа да қолданылады.

5. Егер табыстардың нақты иесі Мемлекеттің өзі немесе жергілікті билік органы, саяси бөлімше, жергілікті өзін-өзі басқару органы немесе оның қаржы институттары болып табылса, 3-тармақтың ережелері қолданылмайды.

7-бап КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНАТЫН ПАЙДА

1. Егер кәсіпорын екінші Уағдаласуши Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырмаса немесе жүзеге асырмаған болса, Уағдаласуши Мемлекет кәсіпорнының пайdasына осы Мемлекеттеғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметті жоғарыда айтылғандай түрде жүзеге асырса, онда екінші Мемлекет кәсіпорынның пайdasына:

(а) осындай тұрақты мекемеге;

(б) осы екінші Мемлекетте осындай тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарларға немесе бұйымдарға сәйкес келетін немесе үқсас тауарларды немесе бұйымдарды сатуға

; (с) осы екінші Мемлекетте жүзеге асырылатын, өзінің сипатына қарай осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін немесе ұқсас басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты боллігінде ғана екінші Мемлекетте салық

салынуы

мұмкін.

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуши Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе жүзеге асырған болса, онда әрбір Уағдаласуши Мемлекетте осы тұрақты мекеме алуы мүмкін пайда, егер ол осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысатын оқшауланған және жеке кәсіпорын болып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда, осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде шығыстардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласуши Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі.

Тұрақты мекемеге оның бас кеңесіне немесе резиденттің басқа кеңселерінің кез келгеніне патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін қайтарылатын роялтиді, гонорарларды немесе басқа ұқсас төлемдерді төлеу жолымен немесе ұсынылған нақты қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық ақы төлеу жолымен немесе тұрақты мекемеге несиеге берілген сома үшін пайыздар төлеу жолымен төленген сомаларды шегеруге жол берілмейді.

4. Уағдаласуши Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорын пайдасының жалпы сомасын оның әртүрлі бөлімшелеріне тепе-тең бөлу негізінде айқындау әдеттегі практика болып табылса, осы баптың 2-тармағында Уағдаласуши Мемлекетке салық салынатын пайданы әдеттегі практикада ұсынғанындей, осылай бөлу арқылы айқындауға ешнэрсе кедергі бола алмайды, алайда, таңдал алынған тепе-тең бөлу әдісі осы бапта қамтылған қағидаттарға сәйкес келетін нәтижелер беруге тиіс.

5. Тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды қарапайым сатып алуынан осы тұрақты мекемеге ешқандай пайда жазылмауға тиіс.

6. Алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жатқызылатын пайда, егер мұндан тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жыл сайын біркелкі тәсілмен айқындалады.

7. Егер пайда осы Конвенцияның басқа баптарында жеке айтылған табыстардың түрлерін қамтыса, онда бұл баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

8-бап ТЕҢІЗ ЖӘНЕ ӨҮЕ КӨЛПІ

1. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынаады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері Уағдаласуши Мемлекеттің резидентінің пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық көлік агенттігіне қатысадан алатын пайдасына да қолданылады.

3. Осы баптағы «пайда» термині:

- (а) басқа кәсіпорындардың атынан жолаушылар билеттерін сатуды;
- (б) әуежайдан қалаға тасымалдауға байланысты автобустық қызмет көрсету бойынша операцияларды;
- (с) жарнамалауды және коммерциялық насиҳатты;
- (д) депоны портпен немесе әуежаймен байланыстыратын жүк көлігімен тауарларды тасымалдауды қамтиды.

9-бап ҚАУЫМДАСҚАН КӘСПОРЫНДАР

1. Егер:

(а) Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, немесе

(б) сол бір тұлғалар Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың өзара коммерциялық немесе қаржылық қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың бірінің есебіне жатқызылуы мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оның есебіне жатқызылмаған кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласуши Мемлекет екінші Уағдаласуши Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорынның пайдасына қосса әрі тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетіндегі пайда болып табылса, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы болса, онда осы екінші Уағдаласуши Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасайды. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа да ережелері ескерілуге тиіс және Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-бірімен консультация жүргізуге тиіс.

10-бап ДИВИДЕНДТЕР

1. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, осындай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласуши Мемлекетте де осы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер дивидендтердің нақты иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының кемінде 10 пайызына тікелей иелік ететін компания (әріптестіктен өзгеше) болып табылса, осындай жолмен өндіріп алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 5 пайызынан аспауға тиіс. Бұл тармақ дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға салық салуды қозғамайды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания төлеген дивидендтерге, егер д и в и д е н д т е р д ің н а қ т ы и е с і :

(а) Қазақстан жағдайында:

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметі, саяси бөлімшесі немесе жергілікті билік о р г а н д а р ы ;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

(iii) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ; және

(iv) Уағдаласуши Мемлекеттер арасында оқтын-оқтын келісілуі мүмкін кез келген осындай басқа да үкіметтік қаржы институттары;

(b) БАӘ жағдайында:

(i) БАӘ Үкіметі, саяси бөлімшесі немесе жергілікті билік органдары, жергілікті үкіметтің қаржы институттары;

(i i) БАӘ Орталық Банкі;

(i i i) Абу Даби инвестициялық органдары;

(i v) Абу Даби инвестициялық консулдығы;

(v) Абу Даби экономикалық даму қоры;

(v i) Мобадала;

(v i i) Холдин Дубай;

(v i i i) Дубай әлемі;

(ix) Абу Даби халықаралық мұнай компаниясы;

(x) Уағдаласуши Мемлекеттер арасында оқтын-оқтын келісілуі мүмкін кез келген басқа үкіметтік қаржы институттары болып табылса, екінші Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынатын болады.

4. «Дивидендтер» термині осы бапта пайдаланылған кезде акциялардан, тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының акцияларынан, құрылтайшылардың акцияларынан немесе борыштық талаптар болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын

табысты, пайдаға қатысадан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Уағдаласуши Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты осындай салықтық реттелуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

5. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивиденттердің нақты иесі дивиденттерді төлейтін компания резиденті болып табылатын екінші Уағдаласуши Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді сонда орналасқан тұрақты база арқылы көрсетсе және өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

6. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания Уағдаласуши Мемлекет мұндай дивидендтер осы екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен шын мәнінде байланысты болатын жағдайларды қоспағанда, осы компания төлейтін дивидендтерден кез келген салықты ала алмайды және компанияның бөлінбеген пайдастанан, егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте пайда болатын табыстан толығымен немесе ішінара құралса да, бөлінбеген пайдаға салық алынбайды.

7. Осы Конвенцияда ештеңе де Уағдаласуши Мемлекетке компанияның осы Мемлекеттегі тұрақты мекемесіне қатысты пайдастана салық салуға, осылайша есептелген кез келген қосымша салық алдыңғы салықтық жылдарда осындай қосымша салық салуға ұшырамаған осындай пайда сомасының 5 пайзызынан аспаған жағдайда, осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның пайдастана есептелетін салыққа қосымша салық салуға кедергі ретінде түсіндірілмеуге тиіс. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда осы тармақта аталған, тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласуши Мемлекетте алынатын қосымша салықтан өзге барлық салықтарды одан шегеріп тастағаннан кейін анықталады.

11-бап ПАЙЫЗДАР

1. Уағдаласуши Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай пайыздарға, олар пайда болатын Уағдаласуши Мемлекетте осы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер

пайыздардың нақты иесі болған алушы екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық пайыздардың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс. Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары өзара келісім бойынша осы шектеудің қолданылу тәсілін белгілейді.

3. «Пайыздар» термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышкерлердің пайдаға қатысу құқығын беретін немесе бермейтін борыштық талаптардың кез келген түрінен алынған табысты және атап айтқанда, үкіметтік/мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыштық міндеттемелер бойынша сыйақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақтылы төленбекен төлемдерге салынатын айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін пайыздар ретінде қарастырылады.

4. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың нақты иесі пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласуши Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді сонда орналасқан тұрақты база арқылы көрсетсе және оған қатысты пайыздар төленетін борыштық талап шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер бұл Мемлекеттің Үкіметі, оның саяси бөлімшесі, жергілікті билік органдары немесе осы Мемлекеттің резиденті төлеуші болып табылса, пайыздар Уағдаласуши Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер, пайыздар төлейтін тұлға Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, оның Уағдаласуши Мемлекетте оларға байланысты пайыздар төленетін берешек пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай пайыздарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай пайыздар осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болады дәп есептеледі.

6. Егер пайыздарды төлеуші мен оның нақты иесінің арасындағы немесе олардың екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен борыштық талап негізінде төленетін, оған қатысты пайыздардың сомасы пайыздарды төлеуші мен олардың нақты иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

7. Егер өзіне қатысты пайыздар төленетін борыштық талаптардың жасалуына

немесе берілуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осы борыштық талаптарды жасау немесе бери арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

8. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, Ұағдаласушы Мемлекетте пайда болатын пайыздар, егер олар алынған және:

(а) Қазақстан жағдайында :

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, саяси бөлімшеге немесе жергілікті билік орғанына ;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне;

(iii) «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға; және

(iv) Ұағдаласушы Мемлекеттер арасында оқтын-оқтын келісілуі мүмкін кез келген осындай басқа да үкіметтік қаржы институттарына;

(b) БАӘ жағдайында :

(i) БАӘ Үкіметіне, саяси бөлімшеге немесе жергілікті билік органына, жергілікті үкіметтің қаржы институттарына ;

(i i) БАӘ Орталық Банкіне ;

(iii) Абу Даби инвестициялық органына ;

(iv) Абу Даби инвестициялық консулдығына ;

(v) Абу Даби экономикалық даму қорына ;

(v i) Мобадалаға ;

(v i i) Холдин Дубайға ;

(v i i i) Дубай әлемінде ;

(ix) Абу Даби халықаралық мұнай компаниясына ;

(x) Кез келген Ұағдаласушы Мемлекеттер арасында оқтық-оқтын келісілуі мүмкін кез келген басқа үкіметтік қаржы институттарына шын мәнінде тиесілі болса, осы Мемлекетте салық төлеуден босатылады.

12-бап РОЯЛТИ

1. Ұағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Ұағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ олар пайда болатын Ұағдаласушы Мемлекетте осы Ұағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер алушы роялтидің нақты иесі болып табылса және екінші Ұағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс.

3. «Роялти» термині осы бапта пайдаланылған кезде:

(а) әдебиет немесе өнер туындыларына (кинематографиялық фильмдерді және радио немесе теледидар хабарлары үшін пайдаланылатын фильмдерді немесе

ленталарды қоса алғанда) кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін; және

(b) ғылыми жұмыстарға, патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдалану құқығына немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпаратқа кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез келген түрін білдіреді.

4. Егер Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің нақты иесі роялти пайда болатын екінші Уағдаласуши Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді сонда орналасқан тұрақты база арқылы көрсетсе және оған қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда мән-жайларға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер осы Мемлекеттің өзі, саяси бөлімшесі, әкімшілік бөлімшесі, жергілікті билік органы немесе осы Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті төлеуші болып табылса, роялти Уағдаласуши Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер роялтиді төлейтін тұлғаның Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, оның Уағдаласуши Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесінің пайда болуына байланысты тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және осындай роялтиді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласуши Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастардың болуы себебінен оның негізінде төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісуге болатындей сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес салық салынуға жатады.

7. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықтардың жасалуына немесе берілуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осындай құқықтарды жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап МҰЛҚ ҚҰНЫНЫң ӨСІМІНЕҢ АЛЫНАТЫН ТАБЫСТАР

1. Уағдаласуши Мемлекет резидентінің 6-бапта айқындалғандай және екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығаруынан алатын табыстарына осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласуши Мемлекет резидентінің:

(а) құнын немесе құнының көп бөлігін екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тұра немесе жанама түрде алатын акцияларды, немесе

(б) акциялары негізінен екінші Уағдаласуши Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен немесе жоғарыда (а) тармақшасында аталған акциялардан тұратын әріптестіктері үлесті иеліктен шығарудан алған табыстарына осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынады.

3. Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуши Мемлекетте иелік етіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан немесе осындай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен бірге) немесе осындай тұрақты базаны иеліктен шығарудан алынған осындай табыстарды қоса алғанда, екінші Уағдаласуши Мемлекетте тәуелсіз жеке қызмет көрсету мақсаттары үшін Уағдаласуши Мемлекет резидентінің иелігіндегі тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынған табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Бірақ осылай алынатын салық осындай салықтың 50 % - ы на азайтылуға тиіс.

4. Халықаралық тасымалда Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Осы баптың 1-4-тармақтарында айтылғаннан өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап ТӘУЕЛСІЗ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1. Уағдаласуши Мемлекет резидентінің кәсіби қызмет көрсетуге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметке қатысты алған табысына, егер екінші Уағдаласуши Мемлекетте мұндай қызмет көрсетіліп жатпаса немесе көрсетілмеген болса; және

(а) табыс жеке тұлғаның екінші Уағдаласуши Мемлекеттегі тұрақты негізде бар немесе болған тұрақты базасына жататын болса; немесе

(б) осындай жеке тұлға тиісті салық жылынан басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиыны 183 күннен асып түсетін кезеңнің немесе кезеңдердің ішінде екінші Уағдаласуши Мемлекетте болса немесе болған болса, осы

Мемлекетте ғана салық салынады .
Мұндай жағдайда көрсетілген қызметке жататын табысқа осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте, кәсіпкерлік табыс сомасын анықтау және кәсіпкерлік табысты тұрақты мекемеге жатқызу үшін 7-бапта қамтылған қағидаттарға үқсас қағидаттарға сәйкес салық салынады .

2. «Кәсіби қызмет көрсету» термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, әртістік , білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, стоматологтардың, зангерлердің, инженерлердің, сәuletшілердің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтің қамтиды.

15-бап ТӘУЕЛДІ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1. Осы Конвенцияның 16, 17, 18, 19, 20 және 21-баптарының ережелері ескеріле отырып, Уағдаласуши Мемлекет резидентінің жалдамалы жұмысына байланысты алған еңбекақысына, жалақысына және басқа да осындай сыйақысына, егер тек жалдамалы жұмыс екінші Уағдаласуши Мемлекетте орындалмаса, осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша орындалса, оған байланысты алғынған осындай сыйақыға осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін .

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласуши Мемлекетте орындалатын жалдамалы жұмысқа байланысты Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға, егер :

а) алушы тиісті салық жылының кез келген он екі айлық кезеңінде жалпы жиыны 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер ішінде екінші Уағдаласуши Мемлекетте тұрса ; және

б) сыйақыны екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе ол жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақыны жалдаушының екінші Уағдаласуши Мемлекеттегі тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе, алғашқы аталған Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады .

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерінің бортында орындалатын жалдамалы жұмысқа қатысты алғынған сыйақыға теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланатын кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласуши Мемлекетте салық салынады.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекеттің осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын және әуе көлігін екінші Уағдаласуши Мемлекетте пайдаланумен байланысты қызметтерді жүзеге асыратын әуе компаниясының жердегі қызметшілерінің сыйақысына алғашқы аталған Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

16-бап ОҚЫТУШЫЛар МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Екінші Уағдаласуши Мемлекетке университеттің, колледждің, мектептің немесе басқа да білім беру мекемелерінің шақыруы бойынша тікелей келгенге дейін Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылған және осындай оқу орнында оқыту немесе зерттеу жұмысын немесе екеуін де жүргізу мақсатында 3 жылдан аспайтын кезең ішінде осы екінші Мемлекетте тұрып жатқан жеке тұлға осы екінші Мемлекетте осындай оқыту немесе зерттеу жұмысы үшін кез келген сыйақыға қатысты үш жылға салық салудан босатылады.

17-бап СТУДЕНТТЕР МЕН ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУШІЛЕР

1. Уағдаласуши Мемлекетке тікелей келер алдында екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылған және бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекетте білім алу немесе тағылымдамадан өту мақсатында ғана тұрып жатқан студент немесе тағылымдамадан өтуші өзінің білім алу немесе практикадан өту мақсаттары үшін оған бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекеттен тыскары жерде тұратын адамдар төлейтін сомаға осы бірінші аталған Уағдаласуши Мемлекетте салынатын салықтан босатылады

2. Уағдаласуши Мемлекетке тікелей келер алдында екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылған және бірінші аталған Мемлекетте ғылыми, білім беру, діни немесе қайырымдылық ұйымдардан грант, жәрдемақы немесе сыйақы алушы ретінде немесе Уағдаласуши Мемлекеттің Үкіметі жүргізіп отырған техникалық көмек бағдарламасына сәйкес оқу, зерттеу немесе практикадан өту мақсатында уақытша тұрып жатқан жеке тұлға осындай келуіне байланысты бірінші аталған Мемлекетке келген күнінен бастап грант кезеңінен аспайтын кезең ішінде осы Мемлекетте салық салудан босатылады.

18-бап ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ГОНОРАРЛАРЫ

Екінші Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті алған директорлардың гонорарларына және басқа да осындай төлемдерге осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

19-бап ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР ЖӘНЕ БАСҚА Да ОСЫНДАЙ ТӨЛЕМДЕР

Осы Конвенцияның 20-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне бұрын жүзеге асырылған жұмысы үшін төленетін

зейнетақыларға, аннуитеттерге және басқа да осындай төлемдерге осы Уағдаласуышы Мемлекетте ғана салық салынады.

20-бап МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

1. (а) Уағдаласуышы Мемлекет немесе оның саяси бөлімшесі немесе жергілікті билік органы жеке тұлғаға оның осы Мемлекет немесе оның бөлімшелері немесе билік органдары үшін көрсететін қызметтің қатысты төлейтін сыйақыға, жалақыға және зейнетақыдан өзге соған ұқсас сыйақыға осы Мемлекетте ғана салық салынады;

(б) осы тармақтың (а) тармақшасының шарттарына қарамастан, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға :

(i) осы Уағдаласуышы Мемлекеттің азаматы болып табылса; немесе

(ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаса, мұндай еңбекақыға, жалақыға немесе басқа соған ұқсас сыйақыға осы екінші Уағдаласуышы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. (а) Жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе оның бөлімшелері немесе билік органдары үшін жүзеге асырған қызметті үшін Уағдаласуышы Мемлекет немесе оның саяси бөлімшесі немесе әкімшілік бөлімшесі немесе жергілікті билік органы төлейтін немесе құрылған қорлардан төленетін кез келген зейнетақыға осы Уағдаласуышы Мемлекетте ғана салық салынады .

(б) осы тармақтың (а) тармақшасының ережелеріне қарамастан, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, мұндай зейнетақыға екінші Уағдаласуышы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Конвенцияның 15, 18 және 19-баптарының ережелері Уағдаласуышы Мемлекет немесе оның саяси бөлімшелері немесе жергілікті билік органдары жүзеге асыратын коммерциялық қызметке байланысты қызметке қатысты төленетін еңбекақыға, жалақыға және басқа да соған ұқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

21-бап ӘРТІСТЕР МЕН СПОРТШЫЛАР

1. Осы Конвенцияның 14 және 15-баптарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласуышы Мемлекет резидентінің театр, кино, радио немесе теледидар әртісі немесе музыкант сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласуышы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметтінен алған табысына осы екінші Уағдаласуышы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осындай сипатта жүзеге асыратын жеке қызметтіне қатысты табысы әртістің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе, бұл табысқа осы Конвенцияның 7, 14 және 15-баптарының ережелеріне

қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының талаптарына қарамастан, Уағдаласуши Мемлекеттер арасында жасалған мәдени келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын осындай қызметтен алынатын табыс, егер осындай қызметке Уағдаласуши Мемлекеттің Үкіметі демеушілік етсе немесе оны екі Уағдаласуши Мемлекеттің жария қоры қаржыландырса және бұл қызмет пайда алу мақсатында жүзеге асырылмаса, өзара салықтан босатылады.

22-бап БАСҚА ДА ТАБЫСТАР

1. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті табыстарының түрлеріне олардың осы Конвенцияның алдыңғы баптарында айтылмаған пайда болу көздеріне қарамастан, осы Уағдаласуши Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті алған табыстарға, егер мұндай резидент екінші Уағдаласуши Мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметті сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді сонда орналасқан тұрақты база арқылы ұсынса және оларға байланысты табыс төленген құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, мән-жайларға байланысты 7-баптың немесе 14-баптың ережелері қолданылады.

23-бап АРНАЙЫ ЕРЕЖЕ

Осы Конвенцияның 5, 7, 13 және 22-баптарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекет, оның саяси бөлімшесі, жергілікті өзін-өзі басқару органды немесе жергілікті билік органды немесе оның қаржы институты алған, осы екінші Мемлекетте орналасқан жылжымалы және жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан түсетін құн өсімін қоса алғанда, екінші Уағдаласуши Мемлекетте туындейтын кез келген табыс пен пайдаға резидент Мемлекеттінде ғана салық салынады. Жоғарыда аталған қаржы институттарының тізімі Уағдаласуши Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында оқтын-оқтын келісіліп отыратын болады.

24-бап ҚОСАРЛАНГАН САЛЫҚ САЛУДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРИ

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу былайша жойылады:

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес БАӘ-де салық салынуы мүмкін табыс алса, Қазақстан осы резиденттің табыс салығынан БАӘ-де төленген табыс салығына балама соманы шегеруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес шегерілетін салық мөлшері Қазақстанда осындай табысқа қолданыстағы мөлшерлемелер бойынша есептелуі мүмкін салықтан аспауға тиіс.

b) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес БАӘ-де ғана салық салынатын табыс алса, Қазақстан осы табысты салық салынатын базаға, бірақ Қазақстанда салық салуға ұшырайтын осындай басқа табысқа салық мөлшерлемесін белгілеу мақсатында ғана енгізуі мүмкін.

2. Біріккен Араб Әмірліктері жағдайында:

(i) егер Біріккен Араб Әмірліктерінің резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс алса, Біріккен Араб Әмірліктері осы тұлғаның табыс салығынан Қазақстанда төленген табыс салығына балама соманы шегерүге мұмкіндік береді.

(ii) Мұндай шегерімдер, кез келген жағдайда, осы екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін табысқа қатысты шегерім жасалғанға дейін есептелген табыс салығының бөлігінен аспауға тиіс.

(iii) Егер осы Конвенцияның кез келген ережесіне сәйкес Уағдаласуши Мемлекеттің резиденті алған табыс осы Уағдаласуши Мемлекетте салық салудан босатылса, алайда мұндай Уағдаласуши Мемлекет осындай резиденттің қалған табысына немесе капиталына салынатын салық сомасын есептеу кезінде салықтан босатылған табысты немесе капиталды есепке жатқызуы мүмкін.

(iv) Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін Уағдаласуши Мемлекеттің резидентіне тиесілі, осы Конвенцияға сәйкес екінші Уағдаласуши Мемлекетте салық салынуы мүмкін пайда, табыс немесе құн өсімі осы екінші Уағдаласуши Мемлекеттегі көздерден туындаған деп есептеледі.

25-бап КЕМСІТПЕУ

1. Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласуши Мемлекетте нақ осындай жағдайларда осы екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және оған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзге немесе анағұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе кез келген онымен байланысты міндеттемеге ұшырамайды. Осы ереже 1-баптың ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласуши Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуши Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге осы екінші Мемлекетте салық салу осы екінші Мемлекеттің нақ осындай жағдайларда осындай қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарына салық салуға қарағанда неғұрлым қолайлы болуға тиіс.

3. Осы Конвенцияның 9-бабы 1-тармағының, 11-бабы 6-тармағының немесе 12-

бабы 7-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласуышы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің резидентіне төлейтін пайыздар, роялти және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаты үшін, егер олар бірінші аталған Уағдаласуышы Мемлекеттің резидентіне қалай төленетін болса, сондай шарттарда шегерілуге тиіс. Осыған ұқсас Уағдаласуышы Мемлекет кәсіпорынның екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің резидентіне кез келген берешегі осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсаты үшін бірінші аталған Уағдаласуышы Мемлекет резидентіне берешек сияқты сондай шарттарда шегерілуге тиіс.

4. Осы бапта қамтылғанның ешқайсысы да Уағдаласуышы Мемлекетті өздерінің резиденттеріне олардың азаматтық мэртебесі немесе отбасылық жағдайы негізінде салық салу мақсаттары үшін ұсынатын қандай да бір жеке салық жеңілдіктерін, шегерімдерді немесе шегерістерді екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің резиденттеріне беруге міндеттеу ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

5. Осы баптағы ештеңе де Уағдаласуышы Мемлекетке екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің резиденттеріне кез келген Уағдаласуышы Мемлекеттің практикасына сәйкес бірінші аталған Мемлекет бір бөлігі болып табылатын кеден, экономикалық одақтар, еркін сауда аймақтарын қалыптастыру негізінде немесе толық немесе ішінара салық салумен байланысты қандай да бір уағдаластықтар негізінде кез келген басқа Мемлекеттерге немесе оның резиденттеріне берілуі мүмкін басымдықтар немесе артықшылықтар беруге жүктейтін заңды міндеттеме ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

6. Капиталы екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылауға алып отырган Уағдаласуышы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Уағдаласуышы Мемлекетте бірінші аталған Мемлекеттің басқа осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе неғұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе соған байланысты кез келген міндеттемелерге ұшырамауға тиіс.

7. Осы бапта «салық салу» термині осы Конвенцияның мәні болып табылатын кез келген түрдегі және сипаттамадағы салықтарды білдіреді.

26-бап ӨЗАРА КЕЛПСУ РӘСІМІ

1. Егер Уағдаласуышы Мемлекеттің резиденті Уағдаласуышы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғып отыр немесе әкеп соғатын болады деп санаса, ол осы Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласуышы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына ұсына алады. Өтініш осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес

келмейтін салық салуға әкең соқтыратын іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар берілген кезден бастап үш жыл ішінде ұсынылуға тиіс.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары, егер ол өтінішті негізді деп санаса және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылатын болады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасында көзделген кез келген уақыт шектеулеріне қарамастан орындалатын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану кезінде туындастын кез келген қыындықтарды немесе күмәнді жайттарды өзара келісім бойынша шешуге ұмтылатын болады. Олар, сондай-ақ осы Конвенцияда көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен консультациялар да жүргізе алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Конвенцияны қолдану және алдыңғы тармақтарды түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланыстар жасай алады.

27-бап АҚПАРАТ АЛМАСУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары салық салу осы Конвенцияға қайшы келмейтіндей шамада Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан өндіріп алынатын кез келген түрдегі салықтарға қатысты осы Конвенцияның немесе ұлттық заңнаманың ережелері аясына кіретін ақпарат алмасып тұрады. Ақпарат алмасу осы Конвенцияның 1 және 2-баптаратымен шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет 1-тармаққа сәйкес алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасының шенберінде алынған ақпарат сияқты құпия болып есептеледі және ол 1-тармақта немесе осы тармақтың жоғарыда аталған ережелерінде көрсетілген бағалаумен немесе мәжбүрлеп өндіріп алушмен немесе сот қудалауымен немесе салықтарға қатысты апелляцияларды қарастырумен айналысып жатқан тұлғаларға немесе органдарға ғана (соттар мен әкімшілік органдарды қоса алғанда) хабарланады. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында немесе сот шешімдерін қабылдау кезінде аша алады.

3. Ешбір жағдайда 1 және 2-тармақтардың ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

- а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларды қолдану;
- б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы немесе әдеттегі әкімшілік практикасы бойынша алуға болмайтын ақпаратты беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпаратты беру міндеттемесін жүктейтіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

4. Егер ақпаратты бір Уағдаласуши Мемлекет осы бапқа сәйкес сұратса, екінші Уағдаласуши Мемлекет, егер мұнданың ақпарат екінші Мемлекетке өзінің жеке салық мақсаттары үшін талап етілмесе де, сұратқан ақпаратты жинау бойынша өзінің іс-шараларын пайдалануға тиіс. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме 3-тармақтың шектеу аясында болады, бірақ ешбір жағдайда мұнданың шектеулер Уағдаласуши Мемлекетке осындай ақпаратқа ішкі мұддесінің болмауы себебінен ғана ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

5. Ешбір жағдайда 3-тармақтың ережелері банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенімді өкіл ретіндегі тұлға ақпарат иесі болу себебінен немесе ақпараттың меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болуы себебінен ғана ақпарат беруден бас тартуға Уағдаласуши Мемлекетке рұқсат беру ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

28-бап ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Осы Конвенцияда ештеңе де дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер қызметкерлеріне олардың халықаралық құқықтың жалпы нормаларымен немесе арнайы шарттардың ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

29-бап ТҮЗЕТУЛЕР

Уағдаласуши Мемлекеттердің өзара келісімі бойынша осы Конвенцияға енгізілетін түзетулер мен толықтырулар хаттамалармен ресімделуі мүмкін, олар осы Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтын болады.

30-бап КҮШІНЕ ЕНУІ

1. Осы Конвенция ратификациялауға жатады және Уағдаласуши Мемлекеттің екеуде оның күшіне енүі үшін әрбір Уағдаласуши Мемлекеттің ұлттық заңнамасында көзделген рәсімдерді орындағанын көрсететін соңғы хабарлама күнінен кейін 30-шы

күні күшіне енеді .

2. Осы Конвенция :

а) Конвенция күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтарынан кейін төленетін немесе есепке алынатын

сомаға қатысты төлем көзінен ұсталатын салықтарға; және

b) Конвенция қүшіне енген жылдан кейінгі құнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін басталатын салық салынатын кезеңге қатысты басқа салықтарға қолданылады.

31-бап ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ

Осы Конвенция белгісіз мерзімге жасалады және Уағдаласуши Мемлекеттердің бірі екінші Уағдаласуши Мемлекетке оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген қүннен бастап 6 ай өткенге дейін қүшінде қалатын болады. Осындай хабарламаны жіберу осы Конвенцияның қолданылуының бірінші бес жылдық мерзімі өткеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда осы Конвенция:

a) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтарынан кейін төленетін немесе есепке алынатын сомалар бойынша төлем көзінен ұсталатын салықтарға қатысты; және

b) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе 1 қаңтардан кейін басталатын салық салынатын кезең үшін басқа салықтарға қатысты өз қолданысын тоқтатады.

Осыны қуәландыру үшін, өзінің Үкіметі тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

2008 жылғы 22 желтоқсанда Абу Даби қаласында қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болады.

Қазақстан Республикасының

Біріккен Араб

Үкіметі үшін

Әмірліктерінің

Үкіметі үшін

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Араб Әмірліктерінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға қол қою кезінде төменде қол қоюшылар мына ережелер Конвенцияның ажырамас бөлігі болып та б ы л а т ы н ы н а

к е л і с т і .

Осы Конвенцияның кез келген басқа ережелеріне қарамастан, көмірсүтектерді барлауды, өндіру мен барлауды қоса алғанда, табиғи ресурстарға салық салу аумағында инвестициялар жүргізілетін жеке дара Әмірліктердің егеменді құқықтары болып та б ы л а д ы

д е г е н т ү с і н і к б а р .

1. 10-баптың 7-тар мағына қатысты:

Осы тармақтың ережесі жеке меншіктегі компанияларға қатысты болады.

2. Конвенцияның ережелеріне қарамастан, қайырымдылық ұйымдардың табыстарын және қызметшілердің зейнетақылық артықшылықтарын құрайтын, екінші Уағдаласуышы Мемлекеттің резиденті алатын табыстарды қоса алғанда, Уағдаласуышы Мемлекетте пайда болатын табыстар осы Мемлекетте салық салудан босатылатын

б о л а д ы .

Осыны қуәландыру үшін, өзінің Үкіметі тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

2008 жылғы 22 желтоқсанда Абу-Даби қаласында қазақ, араб, ағылшын және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей. Түсіндіруде алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Үкіметі үшін*

*Біріккен Араб
Әмірліктерінің*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК